

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 186 – 189

SOME OF THE PHONETIC PHENOMENON IN TURKIC LANGUAGES

K. Egeubayeva

Master of humanities Zhambyl region, Korday district

Deputy Director of High school named after E.Kashaganov # 42

kamshat.egeubaeva@mail.ru

Keywords: Phonetics, phonology, idiom, vowel harmony, Turkish languages, vowels, consonants.

Abstract. The article tells about the phenomena of phonetics and lexical-semantic features of some common words of related languages. It gives a detailed analysis of the sound changes, which are peculiar only to some languages. And it also analyzes the general phonetic laws that have Turkic languages. It describes the features of sound change at the root word of Turkic languages.

ӘОЖ 81(091); 81(092)

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КЕЙБІР ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР ТУРАЛЫ

К. Егебаева

№42 Е.Кашаганов атындағы орта мектебі директорының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
Гуманитарлық ғылымдар Магистрі, Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Түйін сөздер: фонетика, фонология, фразеологизм, акустика, сингорманизм, түркі тілдері, дауысты дыбыстар, дауыссыздар.

Аннотация. Макалада туыстас тілдерге ортақ сөздердің лексика-семантикалық тұрғыдан дарапануы, олардагы фонетикалық құбылыстар туралы сөз болады. Туыстас тілдерге ортақ фонетикалық заңдылықтар және кейбір тілдердің өздеріне ғана тән дыбыстық өзгерістер жан-жакты талданады. Түркі тілдерінің түбір сөздерінде болатын дыбыстық өзгерістердің ерекшеліктері сипатталады.

Тайпалық дәүірден бастау алған тілдер бірте-бірте сараланып әр қайсысы өзінің даму жолына түскені белгілі. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Тілдің гұмыры ұзақ. Оның жолы жылдан емес, жұз жылдан емес, мың жылдан саналады. Сондай ұзақ гұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгерілмеген тіл жоқ: иә азып өзгерілген, иә асып өзгерілген, ел бұтақтап өскен сайын, тіл де бұтақталған. Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, соナン соң ел бұтақтап өскенде, тіл де бұтақтаған. Тұбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жәк түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ ел болса, соңша тарау тілінде басқалық бар» [1, 246-247]. Фалым бұл жерде тілдің өзгеруіне ықпал ететін сыртқы әсерлерді де сөз етіп отыр. Кейбір тілдер туыстық жақындығы жоқ басқа тілдердің ықпалына ұшырап, өзінің табиғи қалпын жогалтады. Мысалы, өзбек тілі иран тілдес тәжік тілінің, сондай-ақ араб, парсы тілдерінің ықпалына қатты ұшыраган. Нәтижесінде түркі тілдерінің арқауы болып саналатын үндестік заны бұзылған. Яғни, түркі тілдерінің ішінде араб, парсы сөздерімен ең шұбарланған тілдердің бірі – өзбек тілі десек те болады. Жогарыда А.Байтұрсынұлы айтқан «азып өзгерілген тіл» дегенді осылай түсінуге болады.

Туыстас тілдерде көптеген сөздердің дыбысталуы бірдей болғанымен, лексика-семантикалық жақтан азды-көпті өзгешеліктері болуы да мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі «ас» сөзі «тағам», «тамак» деген мағына беретін болса, хакас тілінде «дән» (ас – «зерно» [2, 18]) деген мағынаны білдіреді. Тагы бір мысал келтірейік. Қазақ тіліндегі «күйк» сөзі жабайы аңының бір түрінің атауы болса, хакас тілінде «күйик» – «жабайы ешкі» [2, 16], қарашай-малкар тілінде «күйик» – «жабайы аң» [3, 36] деген ұғымды береді. Осы *күйк* сөзінің қазақ тілінде де «жабайы», «жабайы аң» деген мағынасы болғанын «кісі күйк» деген сөз тіркесінен аңгаруга

болады. Бұл сөз тіркесі қазақ тілінде жүрттан бөлектенін, өзімен-өзі жүретін адамдарға байланысты қолданылады.

Қазіргі қазақ тіліндегі көнерғен сөздердің, сондай-ақ кейбір сөз тіркестері мен фразеологизмдердің құрамындағы мағынасы құнғырттенген сөздердің бір кезде қандай мағына бергенін туыстас тілдерден іздесек, солармен салыстырсақ, айқындалады. Мәселен, профессор Ф.Мұсабаев қазіргі кезде түркі тілдерінен соншалық алыстап кеткен тілдердің бірі – венгер тілінің түркі тіліне туыс екенін нақты мысалдармен дәлелдей келін, түркі тілдерінде көне мағынасы ұмыт болса да венгер тілінде сакталған «қар» сөзі туралы былай дейді: «Мысалы, қар – бұл жігіттің қарымы кім? – деп біреу сұраса түсінбей қалар едік. Венгер тілінде қар – сословие, поколение деліпген. Ал қазактың «қарына тартпағанның қары сынын» деуі руы деғенге келеді. Сонымен, қар (кол) мағынасымен қатар, кез – ескі ұзындық өлшеуі мәні де сакталған» [4, 6-7].

Түркі тілдері жалғамалы тіл болғандықтан, жана сөздер түбірге әр түрлі қосымшалар жалғану арқылы жүзеге асады. Көне түркі ескерткіштерінде лингвальдық синхармонизм, яғни қосымшалар соңғы буынмен үндесе жалғанғаны байкалады, ал лабиальдық (ерін) үндестік қатаң сакталмаған [5, 96]. Көп уақытқа дейін жалғамалы тілдердің түбірлері түрақты болады, оларды түбір мен қосымша ажырату онай деп есептеліп келді. Деғенмен, академик Ә. Қайдар көне, орта, қазіргі түркі тілдерінің фактілері бір буынды түбірлер мен негіздерге (сондай-ақ көп буындыларына да) фонологиялық түрақсыздық тән екенін, оларды құрайтын дыбыстар жүйесі үнемі өзгерісте болатынын сөз етеді де, мұндай түбірлер туралы айтылып жүрген «үнемі біркелкі», «түрақты» сияқты анықтамалар түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі де түбірлердің жай-күйін дәл көрсете алмайды дейді. Ол өз ойын: «Тюркские односложные корни и основы в диахроническом плане – это вполне эластичные, гибкие по своей природе языковые элементы. Оставаясь в целом гомогенным для всех или для многих современных тюркских языков, огромное количество односложных корней и основ функцирует в этих языках в виде различных фономорфологических вариантов или рефлексов в пределах допустимых структурных колебаний и смысловых значений» [6, 69 б.], – деп қорытындылайды.

Түркі тілдерінде түбір сөздер үнемі түрақты болмағанын дәлелдеу үшін кейбір дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуына мысал келтірейік. Ондай сөздердің біріне профессор Ф.Мұсабаев «лақ» сөзін жатқызады. Оның ықшамдалу жолын былай көрсетеді. Оғұл-лақ, оғы-лақ, о-лақ, ұ-лақ, ы-лақ, лақ [7, 17]. Осы сөздің жасалуы туралы Б.Сағындықұлы сәл басқашалау пікір айтады. Ол сөз басындағы т дыбысынын бірде түсіріліп, бірде түсірілмеуі нәтижесінде пайда болған *тоғ*, *тоғул*, *оғул*, *оғлақ*, *тоғур*, *уры оғлан*, *қыз оғул*, *тоқыл*, *төл*, *ту*, *ұл*, *улан*, *төгар* сөздерін салыстыра келін мынадай тұжырым жасайды: «*Тоғлан*», «*тоғул*» сөздерінен т дыбысының қысқаруы нәтижесінде «*оғлан*», «*оғұл*» формалары калыптасқан. «*Оғұл*» сөзінің адамның, құстың малдың баласына жалпы атап ретінде қолданылуы сол себепті. Көптік жалғауының қосылуы яки қосылмауы малдың тұқымы мен адамзаттың ұрпағын ажыратқан. Сондықтан да тіл дамуының белгілі бір дәүірінде мал тұқымы – *тоғул* (кейін – *төл*) адам ұрпағы – *оғлан* болған. «*Оғлан*» сөзі «жасөспірім, жеткіншек, өрен» мағынасын беретін «*ұлан*» формасында қазіргі қазақ тіліне келіп жетті. «*Оғлан*» жыныстық ұғымды бірден ала қоймаған. Бұған ескерткіштердегі «*уры оғлан*», «*қыз оғлан*», «*уры оғұл*», «*қыз оғұл*» тіркестері күэ. Аталған сөзде жыныс категориясының грамматикалық мағынасы болмағандықтан, «*қыз*», «*уры*» сияқты анықтауыштарды талап еткен». Аса жиі қолданылу нәтижесінде «*оғұл*» сөзі «*сер бала, ерек бала*» деғен ұғымды беретін болғанын, бұл сөз қазақ тілінде «*ұл*» сөзі болып калыптасқаның айта келе ол «*лақ*» сөзінің жасалуын: ««*Лак*» мағынасын беретін «*оғлақ*» сөзіндегі (көне формасы – *тоғлақ*) ежелгі = *ақ жұрнағы* «*алты айлық қозы*» ұғымында түсінілетін «*тоқыл*» сөзіндегі = *лы жұрнағы* бір заманда бұларға сөз тіркескенін білдіреді» [8, 83-84]. – деп түсіндіреді. Бұдан «*оғлақ*» сөзі «*тоғлақ*» сөзіндегі т дыбысының түсін қалуынан жасалып тұрғанын көреміз. Профессор Ф. Мұсабаев «*Қазақ тілі тарихынан*» деғен еңбегінде «*оғұлақ*» сөзінің жасалуына токталып, бұл сөздің *оғул+лақ>оғулақ* болып айтылуын л дыбысының түрақсыздығынан, қосарланып келген жерде оның біреуі түсіріліп айтылатынан деп біледі [4, 83]. А.Айғабылов өзбек тіліндегі *иссиқ*, *қаттық*, *аччиқ*, *чуччи*, *икки*, *тиққиз* сөздерінің қазақ тілінде *ыстық*, *қатты*, *аңы*, *тұңы*, *екі*, *жеті*, *тогыз* болып айтылатынына, сондай-ақ түркмен тілінде де қазақ тілінде де кездесстін *гарры-кәрі*, *аррық-арық*, *ыссы-ыстық* сөздерін, үйгыр тілі мен қазақ тілінде де ортақ, бірақ сәл дыбыстық өзгеріспен айтылатын *қаттық-қатты*, *иссық-ыстық*, *аччиқ-аңы*, *иллық-жылы*, *үшишак-ұсақ*, *пишишик-пышық* сөздерін салыстыра келін, бір дауыссыз дыбыстық қосарлап қолдану қазақ тіліне тән емес екенідігіне, тек *қатты*, *аңы*, *тұңы* сөздеріндеға дауыссыз дыбыстық қосарлы дауыссыз қолданылып тұрғанына токталады [9, 99-100]. Бұдан «*оғұлақ*» сөзіндегі екі *лл* дыбысының біреуінің түсіріліп айтылуын қазақ тілінде, сөз ішінде қосарлы дыбыстардың, негізінен, айтылмайтынан деп қарастауда көрек сияқты. Бұл сөздің ықшамдалуына әсер еткен тағы бір фактор ондағы *л* дыбысының түсін қалуынан екенін де ескерген жөн. Қазақ тілінде *қ*, *ғ* дыбыстарының бірде-түсіріліп, бірде түсірілмей айтылуына байланысты пайда болған варианты сөздер ете көп. *Қ-ғ*, *қ-ғ* дыбыстарының ғенетикалық табигаты бір, өзектес дыбыстар, тілдің тарихи даму барысында бірінен-бірі пайда болған деп есептейтін Б.Сағындықұлы: «Көне түркі жазба ескерткіштерінен бұл дауыссыздардың сөз басында түсіріліп айтылуы байкала бермейді. Сөз ортасында, сөз соңында бірде түсіріліп, бірде түсірілмей қолданылуы нәтижесінде жарысып жүрген варианты

баршылық» [8, 41], – дей келе, VI – XIV ғасыр аралығындағы ескерткіштерде бірде сакталып, бірде сакталмаса кейін бұл үрдіс тездеген, гуттарал дыбыстар көп жағдайда мұлде айтылмайтын болған деп, оның себебін былай түсіндіреді: «Уақыт өте келе адам организмінің табиғи өзгеруі тіл арты дауыстылары мен дауыссыздарының тіл алдына қарай жылжуы гуттарал дыбыстарды ығыстырыды, бұл процес келешекте де жалғаса береді» [8, 75]. Бұның бәрін айтып отырған себебіміз осы «өғұллақ» сөзінің ықшамдалып «лак» тұлғасына дейін жетуіне әсер еткен фонетикалық факторларды ашып көрсету. Ғ дауыссызының түсіп қалуының салдарынан о-ұ дауыстылары қатар келіп қалған. Қосарлы дауыссыз лл дыбысының біреуінің түсіріліп қалу себебін айттық. Ал «ұлак» сөзінің «ылак» болып айтылу себебі ашық, езуік дауысты а-ның қысан ұ дыбысын өзіне ұқсатып алуының нәтижесі. А дыбысы жасалу орны, жолы жағынан өзіне ұқсас дыбысты қажет еткен. Профессор Ә.Жұпісбектің сөзімен айтсақ «езу әуезбен» айтылып тұр [10, 258].

Бір топқа жататын туыстас тілдердің фонетикалық жақтан дамуында да өзіндік ерекшеліктері болады. Мысалы түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қарақалпақ, ногай тілдерінде көптік жалғаудың -лар, -лер [11, 173; 11, 175] формасы ғана бар болса, татар тілінде -лар, -лер формасымен қатар -нар, -нэр формалы нұсқалары да бар [11, 181]. Қыпшақ тобындағы көптеген тілдерде көптік жалғау қатаң дыбыстардан кейін де -лар, -лер формасында жалғана береді. Үндестік заны қатаң сакталып, түбір мен қосымша аралығындағы дыбыстар бір-біріне артикуляциялық, акустикалық жақтан үйлесе жалғанатын тіл – казак тілі. Мұның себебін А.Байтұрсынұлының: «Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың закөніне ерген. Өзғелер табиғатты зорлап, емлеғе таңып, тілін аздырган» [1, 248]. – деғен сөзімен түсіндіруға болады. Ал осы көптік жалғаудың соңғы дауыссыз р қарашай-балқар тілінде айтылмайды (*студенле джазадыла – «студенты пишут»*) [12, 42].

Кейінді ықпал заны әсерінен дыбыстардың өзгеріске ұшырауы түркі тілдерінде тән құбылыс. Мысалы, қазак тілінде қ, қ, п дыбыстарын аяқталған сөздерден кейін дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, сондай-ақ осы дыбыска ақталған сөздер дауысты дыбыстан басталатын сөздермен тіркескенде ұяндал, ғ, ғ, б (кейде ұнді у) дыбыстарына алмасады. Яғни, «Соңы қ, қ, п қатандарына біткен сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда, әлсіз қатандар күшті дауыстылардың регрессивтік ықпалына ұшырайдь» [13, 43]. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қоршауында ұяндауға бейім дыбыстар қ, қ, п болса, хакас тілінде қатандардың көпшілік мұндай позицияда ұяндал кетеді. Мысалы, *сат* – «торговать», *садығ* – «торговля»; *ит* – «делать», *идіг* – «дело»; *тогас* – «встречаться», «посетить кофо-либо», *тогазығ* – «встреча», «свидание», «визит»; *пас* – «давить», «сдавливать», «придавать», «унижать», *пазығ* – « унижение», «утнетение»; *құп* – «подниматься», «вздуваться», *қубік* – «пена»; *чат* – «лежать», *чадын* – «лежанка»; *сан* – «косить», «ударять», «бить», *сабын* – «покос»; *ах* – «течь», *ағын* – «текение» т.б. [2, 56-58].

Дыбыстардың бір-біріне ықпал етуі нәтижесінде олардың өзгеріске ұшырауы немесе түсін қалуы туыстас тілдерде біркелкі жүзеге аспайды. Сондай-ақ айтылу барысында түсін қалуға бейім дыбыстар да барлық туыстас тілдерде бірдей емес және олар барлық тілде бірдей бірізділікпен жүзеге аспайды. Көп жағдайда дыбыстық өзгерістердің себебін накты анықтау киын. Сондай құбылыстардың бірі дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанған сөздердеғі қысан дауыстылардың кейде түсін қалса, кейде түспей айтыла беруі туралы профессор Ә.Жұнісбек былайша қорытынды жасайды: «Различно проявляющейся выпадение и сохранению узких фласных во втором слое ряда лексем не относится к тем фонетическим явлениям, которые обусловлены определенным законам языка. По этому их следует отнести к историческим чередованиям, т.е. к фонетическим явлениям, составляющим исключения, которых немало в любом языке и причины которых еще не установлены» [14, 91]. Н.Уәлиев болса бұл құбылыстың сырын басқаша ашуға тырысады. Ол қысан дауыстылардың түсіріліп, не түсірілмей айтылуы фонетикалық шарттылықа байланысты емес, олардың жиі немесе сирек қолданылуына байланысты, әрі қысан дауыстылар сөз мағынасына нұқсан келмейтін тұста, яғни семантикалық қарсылыққа ұшырамайтын жағдайда түсіріліп айтылады дейді [15, 31-33].

Қорыта айтқанда сөз басындағы, сөз ортасындағы, сондай-ақ сөз аяғындағы да дыбыстардың түсіп қалуының, нәтижесінде болатын ықшамдалу құбылыстарының себебі әлі толық ашылған жоқ. Мұндай құбылыстардың накты себебін дал айтып беру мүмкін емес, себебі дыбыстардың өзгеріске түсіү немесе түсіп қалуы олармен тіркесетіп дыбыстарға байланысты болса, кей жағдайда ондай құбылыстар фонетикалық жағдайға мұлде тәуелді болмайтын кездері де болады. Әртүрлі дыбыстық өзгерістер нәтижесінде кейір тілдерде созылынқы дауысты дыбыстар пайда болса, кейір тілдерде сөздердің ықшамдалуы жүзеге асады. Түркі тілдерінде осындай құбылыстарды салыстыра зерттеу барысында фонетикалық көптеген құбылыстардың сыры ашылатыны анық.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Байтұрсынұлы А. Бес томдық шыгармалар жинағы. – IV т. – Алматы: «Алаш», 2006. – 320 б.
[2] Грамматика хакасского языка. – М., «Наука», 1975. – 418 стр.
[3] Гочияева С.А. Наречие в карачаево-балкарском языке. – Черкесск: «Карачаево-черкесское книжное издательство», 1973 г. – 120 с.

- [4] Мұсабаев Ф. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, «Мектеп». – 1988 ж. – 136 б.
- [5] Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов М. Қоңе түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп», 1971. – 274 б.
- [6] Кайдар А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: «Арыс», 2005. – 304 с.
- [7] Кенесбаев И. Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: «Мектеп», 1975. – 304 б.
- [8] Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: «Санат», 1994. – 168 б.
- [9] Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: «Санат», 1995. – 136 б.
- [10]. Жұнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: «Арыс», 2009. – 312 б.
- [11] Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануга кіріспе – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 248 б.
- [12] Алиев У.Б. Синтаксис карачаево-балкарского языка. – М., «Наука». – 1972 – 352 б.
- [13] Мирзабектен Сапархан. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, «Мектеп». – 1996 ж. – 84 б.
- [14] Джунисбеков А. Гласные казахского языка (экспериментально-фонетическое исследование). – Алма-Ата: «Наука», 1972. – 120 с.
- [15] Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындагы қиындықтар. – Алматы: «Ғылым», 1988. – 113 б.

REFERENCES

- [1] Baitursunuli A. Bes tomdik shigarmalar zhinagi IV t.- Almaty 'Alash' , 2006. -320 b
- [2] Grammatika khassko iazyka. – M., 'Nauka', 1975, -418 str
- [3] Gochiyaeva S.A. Narechie v karachaev - balkarskom iazyke. – Cherkessk : Karachaeva-cherkesskoe knizhnoe izdatelstvo' , 1973 g.-120 s.
- [4] Musabaev G. Kazakh tili tarihinan. – Almati, 'Mektep'. -1998 zh. -136 b.
- [5] Aidarov G., Kurushzhanov A. , Tomanov M. Kone turki zhazba eskertkishterinin tili.- Almaty: 'Mektep' , -1971- 274 b
- [6] Kaidar A. Struktura odnoslozhnyh kornei i osnov v kazakhskom iazyke. – Almaty: 'Arys', 2005. -304 s.
- [7] Kenesbayev I. Musabaev G. Kazirgi Kazakh tili. Lexica, Fonetika. Almaty: 'Mektep' , 1975. – 304 b.
- [8] Sagindikulu B. Kazak tili leksikasi damuinin etimologiyalik negizdери. – Almaty: 'Sanat', 1994. -168 b.
- [9] Aigabylov A. Kazakh tilinin morfonologiyasi. – Almaty: 'Sanat', 1995. -136 b.
- [10] Zhunisbek A. Kazakh fonetikasi. – Almaty : 'Aris', 2009. -312 b.
- [11] Kaidarov A. , Orazov M. Turkitanuga kirispe – Almaty : 'Kazakh universiteti', 1992-248 b.
- [12] Aliev U.B. Sintaksis karachaeva –balkarskogo iazyka. – M., 'Nauka'. – 1972-352b.
- [13] Mirzabekten Saparhan. Kazirgi Kazakh tilinin fonetikasi. – Almaty, 'Mektep'.-1996 zh. -84 b.
- [14] Dzhunusbekov A. Glasnie kazakhskogo iazyka (eksperimentalno- foneticeskoe Issledovanie). Alma-Ata: 'Nauka' , 1972.- 120 s.
- [15] Ualiev N., Aldasheva A. Kazakh orfografiyasindagi kiyndyktar .- Almaty: 'Gilim', 1988.-113 b.

О НЕКОТОРЫХ ФОНЕТИЧЕСКИХ ЯВЛЕНИЯХ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

К. Егебаева

Жамбылская обл, Кордайский р/н С/Ш №42 им Е.Кашаганова
заместитель директора по учебно-методической работы
Магистр гуманитарных наук
kamshat.egeubaeva@mail.ru

Ключевые слова: фонетика, фонология, фразеологизм, акустика, сингорманизм, турецкие языки, гласные, согласные.

Аннотация. В статье раскрываются вопросы фонетических явлений и лексико-семантических особенностей некоторых общих слов родственных языков. Даётся подробный анализ звуковых изменений, которые свойственны только некоторым языкам. А также анализируются общие фонетические закономерности, которые имеют тюркские языки. Описываются особенности звуковых изменений в корне слов тюркских языков.

Поступила 25.04.2016 г.